

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ**

«Сауран ауданының жергілікті бюджетті тиімді жоспарлау және атқару, бюджеттік бағдарламаларды іске асыру, жергілікті бюджет қаражатын және мемлекет активтерін пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ

2023 ж

МАЗМҰНЫ

I. Кіріспе бөлік

- 1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы
- 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты
- 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері
- 1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

III. Қорытынды бөлік

- 3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар
- 3.4. Қосымша: (____ парақ)

I. Кіріспе

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: «Сауран ауданының жергілікті бюджетті тиімді жоспарлау және атқару, бюджеттік бағдарламаларды іске асыру, жергілікті бюджет қаражатын және мемлекет активтерін пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша сыртқы мемлекеттік аудиті

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:

Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің, бюджет қаражаты мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін басқарудың тиімділігіне және жергілікті бюджет қаражаттарын пайдалануына аудит жүргізу

1.3. Мемлекеттік аудит объектілері:

№ p/c	Мемлекеттік аудит объектісінің атауы	Мемлекеттік аудит объектісінің орналасқан жері (облыс/қала)
1	"Сауран аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Сауран ауданы, Шорнақ ауылдық округі
2	"Сауран ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Сауран ауданы, Шорнақ ауылдық округі
3	Сауран ауданы әкімдігінің Жібек жолы ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Сауран ауданы, Жібек жолы ауылдық округі
4	Сауран ауданы әкімдігінің Жүйнек ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Сауран ауданы, Жүйнек ауылдық округі
5	Сауран ауданы әкімдігінің Қарашық ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Сауран ауданы, Қарашық ауылдық округі әкімі
6	Сауран ауданы әкімдігінің Оранғай ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Сауран ауданы, Оранғай ауылдық округі
7	Сауран ауданы әкімдігінің Иассы ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Сауран ауданы, Иассы ауылдық округі
8	Сауран ауданы әкімдігінің Үшқайық ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Сауран ауданы, Үшқайық ауылдық округі
9	Сауран ауданы әкімдігінің Ескі Иқан ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Сауран ауданы, Ескі Иқан ауылдық округі
10	Сауран ауданы әкімдігінің Жаңа Иқан ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Сауран ауданы, Жаңа Иқан ауылдық округі
11	Сауран ауданы әкімдігінің Шорнақ ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Сауран ауданы, Шорнақ ауылдық округі
12	Сауран ауданы әкімдігінің Бабайқорған ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Сауран ауданы, Бабайқорған ауылдық округі
13	Сауран ауданы әкімдігінің Майдантал ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Сауран ауданы, Майдантал ауылдық округі

14	Сауран ауданы әкімдігінің Шаға ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Сауран ауданы, Шаға ауылдық округі
15	"Сауран ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Сауран ауданы, Шорнақ ауылдық округі
16	"Сауран ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Сауран ауданы, Шорнақ ауылдық округі
17	"Сауран ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Сауран ауданы, Шорнақ ауылдық округі
18	"Сауран ауданы әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Сауран ауданы, Шорнақ ауылдық округі
19	"Сауран ауданы әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің" Сауран Су" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	Түркістан облысы, Сауран ауданы, Шорнақ ауылдық округі
20	"Сауран ауданы әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Газ қызметі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Сауран ауданы, Шорнақ ауылдық округі
21	"Сауран ауданы әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің" Сауран қызмет коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Сауран ауданы, Шорнақ ауылдық округі
22	"Сауран ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Сауран ауданы, Шорнақ ауылдық округі
23	"Сауран ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Сауран ауданы, Шорнақ ауылдық округі
24	"Сауран ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Сауран ауданы, Шорнақ ауылдық округі
25	"Сауран ауданы әкімдігінің туризм және кәсіпкерлікті дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Сауран ауданы, Шорнақ ауылдық округі
26	" Сауран ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Сауран ауданы, Шорнақ ауылдық округі
27	Сауран ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Сауран ауданы, Шорнақ ауылдық округі
28	Сауран ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің " орталықтандырылған кітапханалар жүйесі" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Сауран ауданы, Шорнақ ауылдық округі

29	Сауран ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Тілдерді оқыту және дамыту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Сауран ауданы, Шорнақ ауылдық округі
30	Сауран ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Сауран ауданы, Шорнақ ауылдық округі

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 01.08.2021 – 30.06.2023 жылдар аралығы.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік:

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау:

Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит объектілерінің 2023 жылға арналған тізбесіне сәйкес, «Сауран ауданының жергілікті бюджетті тиімді жоспарлау және атқару, бюджеттік бағдарламаларды іске асыру, жергілікті бюджет қаражатын және мемлекет активтерін пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы 02.08.2023 – 29.09.2023 жыл аралығында жүргізілді.

Сауран ауданы әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Сауран қызмет» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысы Қ.Сапаров 14.11.2023 жылғы №76 санды шығыс хатымен қызметкерлерінің тарапынан соңғы ай көлемінде айлық жалақыларының дұрыс төленбей жатқандығы жөнінде шағымдар көбеюіне байланысты және есепші тарапынан жалақы аудару кезінде жұмыскерлердің аты-жөнін жазып, есепші өзінің ЖСН 990415400601 және өзіне тиесілі банктік есеп шоттарын қойып жібергендігі мәлім болғандығын жазып, «Сауран қызмет» КММ қаржылық жұмыстарын тексеріп жүргізуді сұранған.

Осыған байланысты, 21.11.2023 жылғы №13-354-ҚТ, 04.12.2023 жылғы №13-356 ҚТ аудиторлық іс-шара жүргізуге тапсырма беріліп қайта тексерудің жүргізу мерзімдері 2023 жылдың 22 қарашасынан 12 желтоқсанына дейін ұзартылды.

Аудиторлық іс-шарамен жалпы 30 аудит объектісі (24 мемлекеттік мекеме, 5 коммуналдық мемлекеттік мекеме, 1 мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны) қамтылды, оның ішінде 1 үстеме тексеру.

Мемлекеттік аудиттің мәніне сәйкес, 112001-«Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер», 112003-«Мемлекеттік органның күрделі шығыстары», 112005-«Мәслихаттар депутаттары қызметінің тиімділігін арттыру», 122001-«Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер», «122003-Мемлекеттік органның күрделі шығыстары», «122005-Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар», «122006-Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою», «122007-Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары

құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар», «122106-Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті атқарушы органның төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізу», «122107-Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу», », «124001-Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер», «124002-Шұғыл жағдайларда науқасы ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін жақын жердегі денсаулық сақтау ұйымына жеткізуді ұйымдастыру», «124003-Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету», «124006-Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау», «124005-Ауылдық жерлерде оқушыларды жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастыру», «124008-Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру», «124009-Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету», «124010-Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу», «124011-Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру», «124013-Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету», «124022-Мемлекеттік органның күрделі шығыстары», «124028-Жергілікті деңгейде дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шараларды өткізу», «124040-Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру», «124045-Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу», «451001-Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер», «451004-Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету», «451005-Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек», «451006-Тұрғын үйге көмек көрсету», «451007-Жергілікті уәкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек», «451010-Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету», «451011-Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу», «451014-Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету», «451017-Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну», «451021-Мемлекеттік органның күрделі шығыстары», 451050-«Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту», 451113-Төменгі тұрған бюджеттерге

берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер», «457001-Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер», «457003-Мәдени жұмыс орындарын қолдау», «457010-Әр түрлі спорт түрлері бойынша аудан құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық жарыстарға қатысуы», «457009-Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу», «457014-Мемлекеттік органның күрделі шығыстары», «457006-Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі», 457007-Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту», «457032-Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары», «456001-Жергілікті деңгейде ішкі саясат саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер», «456002-Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер», «456006-Мемлекеттік органның күрделі шығыстары», «456003-Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру», «456032-Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары», «463001-Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер», «463007-Мемлекеттік органның күрделі шығыстары», «463016-Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алу», «463003-Елді мекендерді жер-шаруашылық орналастыру», «462001-Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер», «463006-Мемлекеттік органның күрделі шығыстары», «458001-Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер», «458003-Мемлекеттік органның күрделі шығыстары», «458012-Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі», «458015-Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру», «458016-Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету», «458018-Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру», «458022-Көлік инфрақұрылымын дамыту», «458021-Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету», «458023-Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету», «458027-Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі газ жүйелерін пайдалануды ұйымдастыру», «458029-Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту», «458036-Газ тасымалдау жүйесін дамыту», «458045-Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу», «458058-Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту», «458062-"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру», «458067-Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары», «458107-Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу», «458113-Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер», 459001-Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың)

экономикалық саясаттың қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер», «459003-Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу», «459005-Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу», «459010-Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу», «459099-Мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыру», «459018-Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға берілетін бюджеттік кредиттер», «459015-Мемлекеттік органның күрделі шығыстары», «459021-Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету», «459054-Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару», «472001-Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік пен өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер», «472007-Қаланы және елді мекендерді абаттандыруды дамыту», «472010-Ауыл шаруашылығы объектілерін дамыту», «472011-Мәдениет объектілерін дамыту», «472013-Аудан аумағында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу», «472015-Мемлекеттік органның күрделі шығыстары», «472013-Аудан аумағында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын, аудандық (облыстық) маңызы бар қалалардың, кенттердің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу», «482001-Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер», «482003-Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламаларына аудит жүргізу.

Аудан құрамына 12 ауылдық округі, 36 елді мекен кіреді. Жалпы халықтың 43,4 мың адамы экономикалық белсенді, оның ішінде жұмыспен қамтылғаны 41,2 мың адам, жұмыссыздық деңгейі 5,0%-ды, оның ішінде жастар жұмыссыздығы 2,7%-ды құрайды.

Бюджет

2022 жылдың қорытындысы бойынша бюджет кірісінің жоспары 1 млрд. 316,5 млн. теңге болса, нақты 1 млрд. 636,1 млн. теңге түсіп, жоспар 124,3%-ға орындалған.

Бюджеттің шығыс бөлігі жоспарындағы 7 млрд. 598,1 млн. теңгенің 99,9%-ы игерілген, объективті себептермен 5,3 млн. теңгесі игерілмеген.

Жалпы өңірлік өнім

2022 жылдың қорытындысымен жалпы өңірлік өнім көлемі 101,0 млрд. теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 112,2%-ға өскен (2021 жылы 90,0 млрд. теңге). Оның ішінде салалар бойынша атап өтсек:

Өнеркәсіп

Өнеркәсіп өнімін өндірудің негізгі үлесі 7 орта және 26 шағын кәсіпорындар есебінде. Өткен жылдың қорытындысымен кәсіпорындар – 8 млрд. 072,3 млн. теңгенің өнімін өндіріп (2021 жылы 9 047,3 млн. теңге), 2021 жылмен салыстырғанда 975,0 млн. теңгеге кеміді. Нақты көлем индексі 80,2%-ды құрайды. (*«Яссы құрылыс» ЖШС-нің өнім көлемі төмендеген*)

Ауыл шаруашылығы

Ауыл шаруашылығы саласында жалпы өнім көлемі 87 млрд. 044,7 млн. теңгені құрайды, нақты көлем индексі 101,7%.

«АУЫЛ - АМАНАТЫ» пилоттық жобасына 4 ауылдық округі енгізілген. Атап айтқанда:

Қарашық ауылдық округінде 3 кооператив ұсыныс білдіріп отбасылық сүт фермасын және отбасылық мал бордақылау алаңдарын ашуды жоспарлап отыр. (*Несие алуға 82 азамат өтінім беріп, оның 32-сінде кепілге қойылатын мүліктерінің құжаттары толық дайын*)

Оранғай ауылдық округінде 1 кооператив жылыжай кешенін салу және жеміс-жидек, көкөніс өнімдерін өндіру, қайта өңдеу бағытын таңдаған. (*Несие алуға 71 азамат өтінім беріп, оның 20-сында кепілге қойылатын мүліктерінің құжаттары толық дайын*)

Майдантал ауылдық округінде 2 кооператив отбасылық мал бордақылау алаңдарын ашуды жоспарлауда. (*Бүгінгі күнге несие алуға 45 азамат құжаттарын дайындауда*)

Ескі Иқан ауылдық округінде 2 кооператив отбасылық мал бордақылау алаңдарын және отбасылық сүт фермасын ашуды жоспарлауда. (*Несие алуға 76 азамат құжаттарын дайындауда*)

«Ауыл - Аманаты» пилоттық жобасы бойынша қатысушылар саны күн сайын ұлғаюуда.

Құрылыс жұмыстарының көлемі

Жыл қорытындысымен құрылыс жұмыстары 4 млрд. 270,0 млн. теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 124,3%-ға артқан. Пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы алаңы 30 мың 124 шаршы метрді құрап, өсім 143,6% болған.

Бөлшек сауда, шағын және орта бизнес

Өткен жылдың қорытындысымен өткізілген тауар көлемі 1 млрд. 179,7 млн. теңгені құрады, өсім 101,2%. (2021 жылы 444,7 млн. теңге). Тіркелген шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 5 313 бірлік, белсенді субъектілерінің саны 5 258 бірлік немесе 99,0% (2021 жылы тіркелген субъектілерінің саны 4 121 бірлік іс-әрекеттегі субъектілерінің саны 4 059 бірлік, 98,5%).

Әлеуметтік сала

2022 жылы 810 отбасының 4 мың 904 адамына 316,4 млн. теңге атаулы әлеуметтік көмек тағайындалған.

Атаулы әлеуметтік көмек алушы 4 мың 904 адамның ішінде еңбекке жарамды 1 мың 462 адамы жұмыспен қамту шараларына тартылған.

«Қамқорлық» бағдарламасы аясында әлеуметтік қолдау шараларымен 38 отбасына 4,3 млн. теңгеге материалдық-қаржылай көмектер көрсетілген.

Жұмыспен қамту шараларымен қамтамасыз ету бойынша 8 адам тұрақты, 8 адам қоғамдық жұмыстарға орналасқан.

Зейнеткерлер және мүмкіндігі шектеулі азаматтардың жағдайын жақсарту мақсатында әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы құрылды. Орталықта 7 бағыт бойынша қызметтер ұйымдастырылған, күнделікті 50-60 адамға әлеуметтік қызмет көрсетілуде.

Денсаулық саласы

Аудан бойынша Шорнақ ауылдық округінде 1 аудандық емхана, Ескі Иқан ауылдық округінде 1 бастапқы медициналық көмек көрсету орталығы, 13 дәрігерлік емхана (ВА), 13 фельдшерлік-акушерлік бекет, 4 медициналық бекеттер және 4 жедел жәрдем бригадасы жұмыс жасайды. Олар: Шорнақ, Ескі Иқан, Жүйнек және Оранғай ауылдық округтерінде орналасқан.

2022 жылы өлі туылған балалар саны 20 болса, ана өлімі тіркелмеген.

Коммуналдық сала, ауыз су

Сауран ауданы бойынша 36 елді мекеннің 32 елді мекені ауыз су құбырымен қамтамасыз етілген.

Ағымдағы жылы Аша елді мекенінде ауыз су жүйесі құрылысының 2-ші кезеңі аяқталып, іске қосылды.

Ойық елді мекенінде ауыз су құбырының құрылысына 2023 жылға 229,9 млн. теңге қаржы бөлінді.

3 шалғай орналасқан елді мекендерде кешенді блок модуль орнату қарастырылуда (*мал шарушылығымен айналысады*).

Сонымен қатар, 2022 жылы 4 елді мекенге (*Жүйнек, Шыпан, Қызылжол, Достық*) су мұнарасы орнатылып, 3 елді мекеннің (*Бостандық, Еңбекші Дихан, Шоқтас*) ауыз су жүйелеріне ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. 12 елді мекенде «Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» тарапынан жер асты су қоры зерттелуде.

Электр желісімен қамту

Сауран ауданындағы 35 елді мекен орталықтандырылған электр қуатымен қамтамасыз етілген. 1 елді мекен күн сәулесі батареяларынан қуат алуда. Аудан халқының өсуіне байланысты сапалы электр қуатымен қамтамасыз ету үшін, 2022 жылы 13 дана трансформатор орнатылған.

Сонымен қатар, елді мекендердегі жаңадан қоныстанған аумақтарға электр желілерін жүргізу бойынша жобалау сметалық құжаттамалары әзірленуде (*Еңбекші Дихан, Шорнақ, Қосмезгіл, Ескі Иқан, Оранғай, Бабайқорған, Жүйнек*).

«Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС-нің инвестициялық бағдарламасы аясында 2023-2024 жылға:

- Шорнақ және Ескі Иқан ауылдық округтерінде 10 кВт - 6,4 шақырым электр желісі, Үшқайық, Шаға және Бабайқорған ауылдық округтеріне 0,4 кВт - 10,6 шақырым электр желісі ауыстырылады.

- Шорнақ, Үшқайық, Ескі Иқан ауылдық округтеріне 3 дана трансформатор орнатылады.

Табиғи газ

Ауданда 11 елді мекенді табиғи газбен қамтамасыз ету үшін құрылыс жұмыстары жүргізілген. Бүгінгі күнге нақты 6 елді мекен табиғи газды пайдаланып отыр. 2023 жылы 5 елді мекенге табиғи газ қосылады (*Ескі Иқан, Ибата, Ойық, Бершінтөбе, Шоқтас*).

Жол-көлік инфрақұрылымы

Аудандық маңызы бар автомобиль жолдары 119,3 шақырымды құрайды. Оның ішінде: 33,6 шақырымы асфальтталған, қалған 85,7 шақырымы тас және топырақ жолдар.

Елді мекендердің ішкі көшелері 731,1 шақырым. Оның ішінде: 308,3 шақырымы асфальтталған, 422,8 шақырымы тас және топырақ жолдар.

Облыстық бюджет есебінен 7,5 шақырымды құрайтын 1 аудандық маңызы бар (*Құсшыата*) автомобиль жолына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Нысан 2023 жылы пайдалануға беріледі.

«Ауыл - Ел бесігі» жобасы шеңберінде 15 шақырымды құрайтын 18 көшеге (*Шорнақ*) орташа жөндеу жұмыстары, жарықтандыру жүргізілді. 2022 жылы аудандық бюджет есебінен 277 дана жол белгілері, 42 дана жол кедергілері, Шорнақ елді мекенінде 2 көше қиылысына бағдаршамдар орнатылған. Қазіргі таңда облыстық бюджет есебінен «Түркістан – Шорнақ» және «Түркістан - Ескі Иқан» бағыттары бойынша жолаушылар тасымалы ұйымдастырылған. 2023 жылы ауданішілік 6 бағыт бойынша жолаушылар тасымалын ашуға жұмыстар жүргізілуде. Атап айтқанда:

- Құмайлықас – Шорнақ;
- Ескі Сауран – Шорнақ;
- Шорнақ – Нұртас;
- Қаражон – Шорнақ – Қазақстанның 30 жылдығы;
- Абай – Шорнақ - Қазақстанның 30 жылдығы;
- Жалаңтөс - Қазақстанның 30 жылдығы.

Жер қатынастары саласы

Жалпы Сауран аудан бойынша жер көлемі – 721,7 мың гектар. 2022 жылы 48,5 мың гектар жерді елді мекенге ортақ жайылымға қайтару жоспарланған болса, нақты 51,3 мың гектар жер ортақ жайылымға қайтарылып, жоспар артығымен орындалған.

2023 жылға жоспар 29,5 мың гектар белгіленген. Осы ретте жұмысшы топпен зерделеу жұмыстары жүргізіліп ауылдық округтерді жайылыммен қамтамасыз ету сызбалары әзірленген.

Құрылыс саласы

Сауран ауданы бойынша 36 елді мекен ішінде, тұрғындарының саны 5 мың адамнан асатын 6 елді мекен және 5 мың адамға дейінгі 26 елді мекендер бас жоспар мен оңтайландырылған жобалармен қамтылған.

Аудан орталығы Шорнақ елді мекеніндегі әкімшілік іскерлік орталығында 5 ғимараттың және инженерлік коммуникациялық желілерінің құрылысы жүруде.

Бабайқорған елді мекенінде «Спорт зал» құрылысы жүргізілуде. 2023 жылдың соңына дейін нысанды тапсыру жоспарланған.

Сонымен қатар, Бабайқорған елді мекенінде «Клуб және кітапхана» құрылысына жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленіп, облыстық бюджетке қаржыландыруға ұсынылды. *(жоба құны – 397,0 млн.тг).*

Аудандық бюджет есебінен 4 ауыл округінде ветеринарлық бекеттің құрылысына жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленген *(Шорнақ, Иассы, Үшқайық, Шаға).*

Білім беру саласы

Сауран ауданы бойынша бастауыш және жалпы орта білім беретін 48 күндізгі мектеп жұмыс атқаруда. Ондағы балалар саны – 23 мың 719 бала. *(оның ішінде 7 жекеменшік мектеп)*

Шорнақ ауыл округі, Қосмезгіл ауылынан 300 орындық мектеп құрылысы және Оранғай ауыл округінде 150 орындық мектеп құрылысы жүргізілуде, нысандар 2023 жылы пайдалануға тапсырылады деп жоспарланған.

Ауданда 12 мектепте тасымал ұйымдастырылған. 2023 жылы барлық қауіпсіздік құралымен қамтамасыз етілген 5 арнайы автобус алынған.

Мектепке дейінгі 48 бала бақша, 5 мың 198 баланы қамтып отыр.

Спорт және мәдениет саласы

Ауданда 41 спорт нысандары бар.

Жалпы ауданда бұқаралық спорт іс-шараларымен 39,9 мың адам қамтылды. Қазіргі таңда ауданның жастары Кентау және Түркістан қалаларында спортпен шұғылдануда. Осыған байланысты ауданда спорт мектептерін ашу қажет.

Шорнақ елді мекенінде «Спорт кешені» құрылысына, Ибата және Теке елді мекендеріне спорт зал құрылысына жобалық сметалық құжаттары әзірленуде.

Сонымен қатар, ауданда 4 мәдениет үйі, 11 ауылдық клуб және 29 кітапхана қызмет көрсетеді.

2023 жылы «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында Ескі Иқан ауылындағы мәдениет үйі күрделі жөндеуден өтеді.

Қарашық ауылдық мәдениет үйін күрделі жөндеуге жобалық сметалық құжаттама әзірленіп, облыстық бюджетке қаржыландыруға өтінім жолданды.

2023 жылы «Жібек Жолы Жауһарлары» атты Республикалық ақындар айтысын және халықаралық «Киіз FEST» фестиваль ұйымдастыру жоспарлануда.

Туризм саласы

Ауданының экономикалық әлеуетін дамытудың негізгі бағыттарының бірі туристік кластерді дамыту болып табылады.

Аудан аумағында 54 тарихи-мәдени нысандар бар. Келуші туристерге қолайлы жағдай жасау мақсатында «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы тарапынан Ескі Сауран қалашығының аумағынан «Сапар» орталығының құрылыс жұмыстары жүргізілуде. *(жоба құны 320,0*

млн. теңге, қонақ үй, тамақтану орны, көрме орталығы, гид қызметі, автотұрақ)

Бекітілген кешенді жоспарға сәйкес 2022 жылы туризм саласында негізгі капиталға бағытталған инвестициялар көлемі 500,0 млн. теңге болса, нақты 811,8 млн. теңгеге немесе 162,3 пайызға орындалған.

Қоғамдық қауіпсіздік және құқықтық тәртіп

2022 жылы Сауран ауданында орын алған жалпы қылмыстардың саны 2021 жылмен салыстырғанда 4 есе жоғарылаған. Яғни 2021 жылы 57 қылмыс болса, 2022 жылы 239 қылмыс тіркелген.

Ауданға қарасты 12 ауылдық округтердің 7-де полиция бекеттері бар, қалған 5 ауылдық округі орталығында полиция пункттері жоқ.

Ұлттық жобалар мен мемлекеттік бағдарламалардың орындалуындағы оң көрсеткіштер

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында 2023 жылға арналған жобалар жер және ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік және туризм бөлімдері бойынша ұсынылмаған. Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі бойынша Шорнақ және Қосмезгіл е/м 2 лэд экран, 18 көшеге жарық шамдары орнатылған. Жоспарлы жұмыстар:

Қазақстан Республикасы Үкіметі тарапынан 2023-2027 жылдарға арналған ауылдық елді мекендерді сапалы интернетпен қамту мақсатында «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы дайындалуда. Осы ретте, 10.03.2023 жылы ауылдық елді мекендерді сапалы интернетпен қамту мақсатында салалық министрлікпен және Түркістан облысы әкімдігі арасында жол картасын бекіту үшін базалық станция орнату бойынша мәлімет ұсынылған. Қазіргі таңда 13 (Абай, Құмайлықас, Үлгілі, Ойық, Сауран е/м, Шойтөбе, Қаратөбе, Егізқара, Теке, Жалаңтөс, Шорнақ, Аша, Қосмезгіл) елді мекенге жол картасын әзірлеу жұмыстары атқарылуда.

Сауран ауданы әкімдігі бойынша жалпы 175 штат бірлігі бекітілген.

Оның ішінде: аудан әкімі аппаратында – 28 бірлік, дербес бөлімдерде-54 бірлік, ауылдық округтерде - 93 бірлікті құрайды.

2022 жылғы мәлімет бойынша, Сауран ауданының әкімдігінің «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің бос лауазымдар саны – 56 бірлік, оның ішінде аудан әкімі аппаратында 9 бірлік, дербес бөлімдерде 23 бірлік, ауылдық округтерде 24 бірлік.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері

Жалпы аудитпен 9 669 648,6 мың теңге қамтылды, оның ішінде 2021 жыл кезеңі бойынша 1 036 167,0 мың теңге, 2022 жыл кезеңі бойынша 5 436 999,0 мың теңге, 2023 жылдың 01.06.-30.06.2023жыл кезеңі бойынша 3 197 482,6 мың теңге қамтылды. (Қайта тексерумен қамтылған сома 88 587,0 мың теңге).

Жалпы аудит барысында қамтылған 30 аудит объектілерінің ішінде 26 аудит объектісінде – **2 311 129,9 мың теңгені** құрайтын қаржылық,

тиімсіз жоспарлау, тиімсіз пайдалану бойынша бұзушылықтар анықталған. Оның ішінде:

- барлық қаржылық бұзушылықтар **2 303 775,1 мың теңгеге** (қалпына келтірілуге жататын қаржы көлемі 2 242 986,5 мың теңге, өтелуге жататын қаржы көлемі 60 788,6 мың теңге) 25 аудит объектісінде;

- тиімсіз жоспарланған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы 2 175,3 мың теңге 1 аудит объектісінде;

- тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы 5 179,5 мың теңгеге 10 аудит объектісінде орын алған.

Жалпы аудиторлық іс-шара барысында барлығы **2 227 650,0 мың теңге** өтеліп, қалпына келтірілген, оның ішінде: (оның ішінде 2 227 531,8 мың теңге қалпына келтірілген болса, 118,2 мың теңгесі өтелді).

Сонымен бірге, мемлекеттік аудит объектісінің қызметіндегі, соның ішінде оның міндеттері мен функцияларын іске асырумен байланысты заңнаманың рәсімдік бұзушылықтары жалпы 66 бірлікті құрап 16 аудит объектілерінде орын алған.

Аудит барысында келесі бұзушылықтар орын алған:

I. Бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасының және өзге де заңнаманың бұзушылықтары 8 мекемеде 60 788,6 мың теңгені құраған. Атап айтқанда:

-Мемлекеттік аудит барысында 7 мекемеде 59 339,3 мың теңге айлық жалақы мен сауықтыруға арналған жәрдемақы негізсіз артық төленген және сыйақы негізсіз берілген.

1. Сауран ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 15,1 мың;

2. «Сауран ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 161,7 мың теңге;

3. Сауран ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Тілдерді дамыту және оқыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 645,0 мың теңге;

4. «Сауран ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және туризм бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 63,9 мың теңге;

5. Сауран ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мәдениет үйі» КММ бойынша 4 469,0 мың теңге;

6. «Сауран-қызмет» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 40 796,5 мың теңге;

7. Сауран ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Сауран-Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша 13 188,1 мың теңге.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет кодексінің 20-бабы, 97 бабы 6 тармағының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығының 215-тармақ 2) тармақшасы, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Еңбек

кодексінің 103 бабы 1-тармағының және 139 бап 10 тармағының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының» 187 тармағы, 2017 жылғы 25 желтоқсандағы №120-VI «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 346 бабы 1 тармағы 2) тармақшасының, «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 30 маусымдағы N 1468-XII Заңының 13 бабы 1 тармағы 4) тармақшасының, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 15 маусымдағы «Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (52-шығарылым) бекіту туралы» №201 бұйрығымен бекітілген анықтаманың 6 тармағы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі «Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» №325 қаулысымен бекітілген қағиданың 3 тармағының (Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдар резервтерінің қатаң нысаналы мақсаты бар әрі осы Қағидаларда және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың резервтерінен ақша бөлу туралы шешімдерінде көзделмеген қажеттіліктерге пайдаланылмайды) талаптары сақталмаған.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» №1193 қаулысымен бекітілген 5 тармағы 1)-тармақшасының талаптары сақталмаған.

-Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың сомасының үш пайызы мөлшерінде 1 449,3 мың теңге шарттың орындалуын қамтамасыз етілмеген.

1. «Сауран ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 1 449,3 мың теңге;

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 434-V Заңының 43-бабы 12 тармағының талаптары сақталмаған.

II. Бухгалтерлік есепті жүргізу және бюджеттік, қаржылық есептілікті жасау кезінде 21 мекемеде жалпы 2 242 986,5 мың теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталған, атап айтқанда:

1. Сауран ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 26 248,0 мың теңге;

2. Сауран ауданы әкімдігінің «Бабайқорған ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде 32 207,1 мың теңге;

3. Сауран ауданы әкімдігінің «Ескі Иқан ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде 43 224,8 мың теңге;

4. Сауран ауданы әкімдігінің «Жаңа Иқан ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 82 138,1 мың теңге;

5. Сауран ауданы әкімдігінің «Жібек жолы ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 250,0 мың теңге;

6. Сауран ауданы әкімдігінің «Жүйнек ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 3 884,0 мың теңге;

7. Сауран ауданы әкімдігінің «Иассы ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 22 596,6 мың теңге;
8. Сауран ауданы әкімдігінің «Майдантал ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 2 175,3 мың теңге;
9. «Сауран аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінде 1 287,8 мың теңге;
10. Сауран ауданы әкімдігінің «Оранғай ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 31 359,0 мың теңге;
11. Сауран ауданы әкімдігінің «Үшқайық ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 40 607,3 мың теңге;
12. Сауран ауданы әкімдігінің «Шаға ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 17,3 мың теңге;
13. Сауран ауданы әкімдігінің «Шорнақ ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 5 685,2 мың теңге;
14. Сауран ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Тілдерді дамыту және оқыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 401,2 мың теңге;
15. Сауран ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 5 200,1 мың теңге;
16. Сауран ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 628,0 мың теңге;
17. Сауран ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 6 511,1 мың теңге;
18. «Сауран ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 670,3 мың теңге;
19. «Сауран ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 254 563,0 мың теңге;
20. Сауран ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мәдениет үйі» КММ-де 60 592,3 мың теңге;
21. «Сауран ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 1 622 740,0 мың теңге қаржылық бұзушылықтар анықталған.

Бұл ретте, 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 7-1 тармағының, 116-бабының 1-4 тармақтарының, 117-бабының 1-4 тармақтарының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының» 4,15,17,18,19,20,21,33,43,131, 134,142,178,181,182,196,198,199, 200, 203, 216, 224,236,240,243,244,245,247,248,250,272, 275,337 тармақтарының талаптары сақталмағаны, ҚР Қаржы министрінің 2010 жылғы 15 маусымдағы №281 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарының 10 тармағының 4- тарауы,16,17 тармағы және ҚР Қаржы министрінің 01.08.2017 жылғы №468 бұйрығымен бекітілген «Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларының»,25,

27,41 тармақтарының Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 07.09.2010 ж. №444 бұйрығымен бекітілген есеп саясатының 2, 6-тармақтарының, 2017 жылғы 25 желтоқсандағы №120-VI «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 318, 319, 322, 341, 350, 351, 352, 482, 484, 486, 487 бабының, 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 286-VI «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13 бабы 2 тармағының, 15 бабының, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 11 маусымдағы №224 бұйрығына 1-қосымша «Әлеуметтік аударымдарды есептеу және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төлеу және олар бойынша өндіріп алу қағидаларының» 4,5 тармағының, «Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім) Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі №409 Кодексінің 630-бап 1, 2, 4 тармақтарының және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» №242 заңының 60 бабының 1 тармағының талаптары сақталмаған.

III. Тиімсіз жоспарланған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы 1 мекемеде 2 175,3 мың теңге құрайды.

1. Сауран ауданы әкімдігінің «Майдантал ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 2 175,3 мың теңге.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет кодексінің 4 бабының 6,9,12) тармақшасы талаптары сақталмаған.

IV. Тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы 10 мекемеде 5 179,5 мың теңгені құраған.

1. Сауран ауданы әкімдігінің «Бабайқорған ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде 466,7 мың теңге;

2. Сауран ауданы әкімдігінің «Ескі Иқан ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 474,7 мың теңге;

3. Сауран ауданы әкімдігінің «Жібек жолы ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 466,7 мың теңге;

4. Сауран ауданы әкімдігінің «Жүйнек ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 466,7 мың теңге;

5. Сауран ауданы әкімдігінің «Майдантал ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 466,7 мың теңге;

6. Сауран ауданы әкімдігінің «Үшқайық ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 476,7 мың теңге;

7. Сауран ауданы әкімдігінің «Шаға ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 10,0 мың теңге;

8. Сауран ауданы әкімдігінің ««Сауран ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 1,1 мың теңге;

9.«Сауран ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 6,0 мың теңге;

10. Сауран ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Сауран-қызмет» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 2 344,2 мың теңге.

талаптарының бұзу фактілері анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 316 бабына сәйкес, бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына, яғни барлық қаржылық құжаттарға бірінші қол қою құқығымен қызмет атқарған бұрынғы басшысы Байдаулетов Жанторе Хантореевичке әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 08.11.2023жылғы № 10/2514 санды хатпен жолданып, Түркістан облысы бойынша бақылау жөніндегі басқармасының 24.11.2023 жылғы №41-07-03/3394 шығыс хатымен нысандардың күрделі жөндеу және реконструкциялау жұмыстарын жбалау құжаттамансыз және жобалау құжаттамасына сараптаманың оң қорытындысынсыз жүргізілгендігіне байланысты, «Мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бұрынғы директоры Ж.Байдаулетовке ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 316 бабының 1-бөлігімен (**276 000 теңге**) айыппұл салынғандығы хабарланған.

31. Мемлекеттік кірістер департаментінің Сауран ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесіне Сауран ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы заңнамасын бұзу фактілері анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 279 бабына сәйкес, бұзушылыққа жол берген «Мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 08.11.2023жылғы №10/2513 санды хатпен жолданды.

Сауран ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесінің 13.11.2023 жылғы №МКБ-С-4-09/1537 шығыс хатымен заң бұзылушылыққа жол берген «Мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 279 бабына сәйкес 1-бөлігімен көзделген әкімшілік құқық бұзылушылық бойынша 13.11.2023 жылы №002225 санды хабарлау толтырылып, **890860 теңге** айыппұл салынғанын хабарлаған.

32. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне Сауран ауданы әкімдігінің «Сауран ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнаманы бұзу фактілері анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес, бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 13.11.2023-жылғы № 11/2548 санды хатпен жолданып, Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 06.12.2023 жылғы №02-38/4333 санды жауап хатымен ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 238

бабының 1-бөлігінің 2-тармақшасымен «Сауран ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маман-есепшісі Д.Жақсылықовқа **(86 250 теңге)** әкімшілік жауапкершілікке тартылғандығы хабарланған.

33. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне Сауран ауданы әкімдігінің «Сауран ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзу фактілері анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 207 бабына сәйкес, бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 13.11.2023-жылғы № 11/2546 санды хатпен жолданып, Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 06.12.2023 жылғы №02-38/4335 санды жауап хатымен ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 207 бабының 10-бөлігінің 3-тармақшасымен Сауран ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бірінші қол қою құқығындағы бөлім басшысы Қ.Таукебаев **(51 750 теңге)** әкімшілік жауапкершілікке тартылғандығы хабарланған.

34. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне Сауран ауданы әкімдігінің «Сауран ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзу фактілері анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 207 бабына сәйкес, бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 13.11.2023-жылғы № 10/2547 санды хатпен жолданып, Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 06.12.2023 жылғы №02-38/4334 санды жауап хатымен ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 207 бабының 11-бөлігімен «Сауран ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы қызметін атқарған А.Абдигаппаров **(172500теңге)** әкімшілік жауапкершілікке тартылғандығы хабарланған.

35. Түркістан облысы бойынша бақылау жөніндегі басқармасына Сауран ауданы әкімдігінің «Сауран ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Заңнамасын бұзу фактілері анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 317 бабының 3-тармағына сәйкес, бұзушылыққа жол берген жауапты мекемеге

әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 13.11.2023-жылғы № 11/2549 санды хатпен жолданды.

36. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне «Сауран ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасын бұзу фактілері анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес, мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында бұзушылыққа жол берген барлық бухгалтерлік есеп-қисап жұмыстарын жүргізу және есеп-қисап құжаттарына екінші қол қою құқығымен 2023 жылдың 22 маусымына дейін атқарған Сопбеков Сакен Батырхановичқа әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 15.11.2023-жылғы № 10/2574 санды хатпен жолданды.

37/39. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне «Сауран ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі»-нің «Сауран қызмет» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасын бұзу фактілері анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексіне сәйкес, мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында бұзушылыққа жол берген барлық бухгалтерлік есеп-қисап жұмыстарын жүргізу және есеп-қисап құжаттарына бірінші қол қою құқығымен қызмет атқарған Сапаров Күсбек Сатанбаевичке әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 21.12.2023-жылғы № 09/2889, 21.12.2023-жылғы № 09/2890, 21.12.2023-жылғы № 09/2894 санды хатпен жолданды.

40. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне «Сауран ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі»-нің «Сауран қызмет» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасын бұзу фактілері анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексіне сәйкес, мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында 05.01.2021 ж-01.02. 2022 жылдары аралығында бұзушылыққа жол берген барлық бухгалтерлік есеп-қисап жұмыстарын жүргізу және есеп-қисап құжаттарына екінші қол қою құқығымен қызмет атқарған Нысанбаева Лаура Мәдібекқызына әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 21.12.2023-жылғы № 09/2893 санды хатпен жолданды.

41/42. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне «Сауран ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі»-нің «Сауран қызмет» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасын бұзу фактілері анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық

бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексіне сәйкес, мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында 13.05.2022 ж-24.11. 2023 жылдары аралығында бұзушылыққа жол берген барлық бухгалтерлік есеп-қисап жұмыстарын жүргізу және есеп-қисап құжаттарына екінші қол қою құқығымен қызмет атқарған Сейітмұқан Гүлдана Жұмағалиқызына әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 21.12.2023-жылғы № 09/2891, 21.12.2023-жылғы № 09/2892 санды хатпен жолданды.

Аудиторлық іс-шара және аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында барлығы 13 жауапты лауазымды тұлғаларға тәртіптік шара қолданылды. Сонымен қатар 3 мекеме бойынша жауапты тұлғалардың жұмыстан босап кетуіне байланысты тәртіптік шара қолдану мүмкіндігі болмаған. Атап айтқанда:

1. Сауран ауданы әкімдігінің «Бабайқорған ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Мемлекеттік аудит барысында 20.09.2023 жылғы №1 бухгалтерлік анықтамамен 32 207,1 мың теңге қалпына келтірілді. Бухгалтерлік анықтама 2023 жылдың қыркүйек айында 28 мемориалдық ордерде рәсімделді. Ауылдық округ әкімінің № 124, 21.09.2023 жылғы өкіміне сәйкес, бас маман М.Касаеваға «ескерту» түрінде тәртіптік шара қолданылды.

2. Сауран ауданы әкімдігінің «Ескі Иқан ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Мемлекеттік аудит барысында 21.09.2023 жылғы №1 бухгалтерлік анықтамамен 43 224,8 мың теңге қалпына келтірілді. Бухгалтерлік анықтама 2023 жылдың қыркүйек айында 28 мемориалдық ордерде рәсімделді. Ауылдық округ әкімінің № 111 ж/қ 21.09.2023 жылғы өкіміне сәйкес, бас маман А.Расуловқа «ескерту» түрінде тәртіптік шара қолданылды.

3. «Сауран ауданы әкімдігінің «Жаңа Иқан ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Мемлекеттік аудит жүргізу барысында 2023 жылдың қыркүйек айында 28 мемориалдық ордермен, сондай-ақ қыркүйек айының 12-күнгі №1 бухгалтерлік анықтамамен 3 250,7 мың теңгенің №2 бухгалтерлік анықтамамен 74 670,4 мың теңгенің және 12-күнгі №3 бухгалтерлік анықтамамен 4 217,0 мың теңгенің, барлығы 82 138,1 мың теңгеге бұрмаланған есептіліктер бойынша жазбалар жүргізіліп, қалпына келтіріліп, мекеменің балансына алынды.

Сонымен қатар, аудит барысында анықталған бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас маман-есепшісі А.Сайфуровқа 25.09.2023 жылғы №77 ж/қ бұйрықпен «ескерту» түрінде тәртіптік шара көрілді.

4. Сауран ауданы әкімдігінің «Жібек жолы ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Мемлекеттік аудит барысында 20.09.2023 жылғы №28 бухгалтерлік анықтамамен 250,0 мың теңге қалпына келтірілді.

5. Сауран ауданы әкімдігінің «Жүйнек ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Аудиторлық іс шара жүргізу барысында бастапқы құжаттарға сәйкес 3884,0 мың теңгеге бухгалтерлік жазбалар жасалып, 25.09.2023 жылғы №1 бухгалтерлік анықтамаға сәйкес №28 мемориалдық ордермен қалпына келтірілді.

Бас маман - бас есепші қызметін екінші қол қою құқығымен 2023 жылдың 01 сәуіріне дейін З.Тажиханов атқарса, 2023 жылдың 01 сәуірінен бастап бас маман Н.Әмзеевке уақытша жүктелген. Аталған бұзушылыққа жауапты бөлімнің бас маманы З.Тажихановтың ауыл әкімінің 16.03.2023 жылғы №43 өкімімен өз қалауы бойынша жұмыстан босатылған.

6. Сауран ауданы әкімдігінің «Иассы ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Мемлекеттік аудит жүргізу барысында 2023 жылдың қыркүйек айында 28 мемориалдық ордермен, сондай-ақ қыркүйек айының 15-күнгі №1 бухгалтерлік анықтамамен 14 366,9 мың теңгенің №2 бухгалтерлік анықтамамен 8 229,6 мың теңгенің, барлығы 22 596,5 мың теңгеге бұрмаланған есептіліктер бойынша жазбалар жүргізіліп, қалпына келтіріліп, мекеменің балансына алынды.

Сонымен қатар, аудит барысында анықталған бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас есепшісі М.Самбетовке 25.09.2023 жылғы №66 ж/қ бұйрықпен «ескерту» түрінде тәртіптік шара көрілді.

6. Сауран ауданы әкімдігінің «Майдантал ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Аудиторлық іс шара жүргізу барысында бастапқы құжаттарға сәйкес 2175,3 мың теңгеге бухгалтерлік жазбалар жасалып, 25.09.2023 жылғы №1 бухгалтерлік анықтамаға сәйкес №28 мемориалдық ордермен қалпына келтірілді.

Аудиторлық іс шара жүргізу барысында Майдантал ауылдық округ әкімінің 25.09.2023 жылғы №102 өкімімен аудит жүргізу барысында анықталған бұзушылықтарға жол берген ауылдық округ әкімі аппаратының бас маманы Б.Шалтаеваға ескерту түріндегі тәртіптік жаза қолданылды.

7. «Сауран аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Мемлекеттік аудит жүргізу барысында 2023 жылдың қыркүйек айында 28 мемориалдық ордермен, сондай-ақ қыркүйек айының 26-күнгі №1 бухгалтерлік анықтамамен 1 287,8 мың теңгеге бұрмаланған есептіліктер бойынша жазбалар жүргізіліп, қалпына келтіріліп, мекеме балансына алынды.

Сонымен қатар, аудит барысында анықталған бұзушылықтарға жол берген мекеменің бас маман есепшісі М.Дурменоваға 26.09.2023 жылғы №27 ж/қ бұйрықпен «ескерту» түрінде тәртіптік шара көрілді.

8. Сауран ауданы әкімдігінің «Оранғай ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Мемлекеттік аудит жүргізу барысында 2023 жылдың қыркүйек айында 28 мемориалдық ордермен, сондай-ақ қыркүйек айының 12-күнгі №1

бухгалтерлік анықтамамен 7 135,3 мың теңгенің №2 бухгалтерлік анықтамамен 23 625,7 мың теңгенің және 12-күнгі №3 бухгалтерлік анықтамамен 598,0 мың теңгенің, барлығы 31 359,0 мың теңгеге бұрмаланған есептіліктер бойынша жазбалар жүргізіліп, қалпына келтіріліп, мекеменің балансына алынды.

Бас маман-есепші қызметін екінші қол қою құқығымен 09.08.2021 жылдан 26.07.2023 жылға дейін атқарған Б.Қуандық басқа жұмысқа ауысқан.

9. Сауран ауданы әкімдігінің «Үшқайық ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Мемлекеттік аудит барысында 21.09.2023 жылғы №1 бухгалтерлік анықтамамен 40 607,3 мың теңге қалпына келтірілді. Бухгалтерлік анықтама 2023 жылдың қыркүйек айында 28 мемориалдық ордерде рәсімделді. Сонымен қатар, ауылдық округ әкімінің № 65 ж/қ 25.09.2023 жылғы өкіміне сәйкес, жауапты тұлға Н.Алхановаға «ескерту» түрінде тәртіптік шара қолданылды.

10. Сауран ауданы әкімдігінің «Шаға ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Мемлекеттік аудит барысында 25.09.2023 жылғы №28 бухгалтерлік анықтамамен 17,3 мың теңге қалпына келтірілді.

11. Сауран ауданы әкімдігінің «Шорнақ ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Мемлекеттік аудит барысында 21.09.2023 жылғы №28 бухгалтерлік анықтамамен 5685,2 мың теңге қалпына келтірілді.

12. «Сауран ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысының 18.10.2023 жылғы №68 бұйрығымен аудит жүргізу барысында анықталған бұзушылықтарға жол берген мекеменің есепшісі К.Шахайдаровқа сөгіс түріндегі тәртіптік жаза қолданылды.

13. Сауран ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Тілдерді дамыту және оқыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Аудиторлық іс шара жүргізу барысында бастапқы құжаттарға сәйкес 401,2 мың теңгеге бухгалтерлік жазбалар жасалып, 18.10.2023 жылғы №1 бухгалтерлік анықтамаға сәйкес №28 мемориалдық ордермен қалпына келтірілді.

Есепші қызметін екінші қол қою құқығымен 2023 жылдың 31 тамызына дейін К.Шахайдаров атқарса, ал 2023 жылдың 01 қыркүйегінен бастап Б.Жаймырзаев атқаруда. Аталған бұзушылыққа жауапты мекеменің бұрынғы есепшісі К.Шахайдаров директордың 31.08.2023 жылғы №19 бұйрығымен өз еркімен жұмыстан босатылған.

14. Сауран ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Мемлекеттік аудит барысында, жалпы сомасы 5200,1 мың теңгені құрайтын кітапхана қоры, 04.10.2023 жылғы № 1, 05.10.2023 жылғы №2 бухгалтерлік анықтамамен қалпына келтірілді.

Аудиторлық іс шара жүргізу барысында Сауран ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі директорының 18.10.2023 жылғы №81 бұйрығымен аудит жүргізу барысында анықталған бұзушылықтарға жол берген мекеменің есепшісі Б.Мусахановаға сөгіс түріндегі тәртіптік жаза қолданылды.

15. «Сауран ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Бұзушылыққа жол берген жауапты бөлім басшысы Курышбаев Алибек Кайратович Аудан әкімінің 2023 жылғы 27 қаңтардағы №19 өкімімен жұмыстан босатылуына байланысты тәртіптік шара көрілмеді.

16. Сауран ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Аудит жүргізу барысында 2023 жылдың 10 қазандағы №1 бухгалтерлік анықтамасымен бухгалтерлік тізбе беріліп, 628,0 мың теңгенің қорлары бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынды. Мекеме басшысының 2023 жылғы 18 қазандағы №79 бұйрығымен аудитпен қамтылған кезеңдегі анықталған бұзушылыққа жауапты тұлға Г.Бейдиеваға «ескерту» түріндегі тәртіптік шара көрілді.

17. Сауран ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Мемлекеттік аудит жүргізу барысында 2023 жылдың қазан айында 28 мемориалдық ордермен, сондай-ақ қазан айының 5-күнгі №1 бухгалтерлік анықтамамен 2 178,0 мың теңгенің, №2 бухгалтерлік анықтамамен 2 680,1 мың теңгенің және №3 бухгалтерлік анықтамамен 1 653,0 мың теңгенің, барлығы 6 511,1 мың теңгеге бұрмаланған есептіліктер бойынша жазбалар жүргізіліп, қалпына келтіріліп, мекеменің балансына алынды.

Мемлекеттік аудит барысында анықталған бұзушылықтарға жол берген бөлімнің экономикалық және бюджеттік жоспарлау секторының бас маман-есепшісі Үсен жанна Анарбайқызына 16.10.2023 жылғы №42 ж/қ бұйрықпен «ескерту» түрінде тәртіптік шара көрілді.

18. «Сауран ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Мемлекеттік аудит жүргізу барысында 2023 жылдың қазан айында 28 мемориалдық ордермен, сондай-ақ қазан айының 16-күнгі №1 бухгалтерлік анықтамамен 187,8 мың теңгенің, №2 бухгалтерлік анықтамамен 1 572,9 мың теңгенің, №3 бухгалтерлік анықтамамен 482,5 мың теңгенің, және №4 бухгалтерлік анықтамамен 1 763,2 мың теңгенің, барлығы 4 006,4 мың теңгеге бұрмаланған есептіліктер бойынша жазбалар жүргізіліп, қалпына келтіріліп, мекеменің балансына алынды.

Мемлекеттік аудит барысында анықталған бұзушылықтарға жол бергені үшін бөлім басшысының орынбасары М.Казихановқа 16.10.2023 жылғы №125 бұйрықпен «ескерту» түрінде тәртіптік шара көрілді.

Мемлекеттік аудит барысында анықталған бұзушылықтарға жол бергені үшін бөлімнің азаматтық хал актілерін тіркеу және аз қамтамасыз етілген азаматтарды қорғау секторының меңгерушісі А.Тулегеноваға 16.10.2023 жылғы №12 бұйрықпен «ескерту» түрінде тәртіптік шара көрілді.

19. «Сауран ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және туризм бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Мемлекеттік аудит барысында барлығы 63887 теңге 10 тиын: оның ішінде: 2022 жылы 15000 теңге 206109 кодына (11.10.2023 жылы №328410880881 түбіртегі), 20000 теңге 206108 кодына (12.10.2023 жылы №2310120947698 түбіртегі) және 2023 жылы 28887 теңге 10 тиын 206109 кодына (11.10.2023 жылы №328410804089 түбіртегі) бюджетке толығымен қайтарылды.

Анықталған қаржылық бұзушылық бойынша мекеменің жауапты тұлғасы Шәріпбеков Болысбек Әбдібекұлына жұмыстан босатылуына байланысты тәртіптік шара көрілмеді.

20. «Сауран ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Мемлекеттік аудит барысында 10.10.2023 жылғы №28 бухгалтерлік анықтамамен 254563,0 мың теңге қалпына келтірілді.

21. Сауран ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мәдениет үйі» КММ.

Аудиторлық іс шара жүргізу барысында бастапқы құжаттарға сәйкес 54343,4 мың теңгеге бухгалтерлік жазбалар жасалып, 26.10.2023 жылғы №1 бухгалтерлік анықтамаға сәйкес №28 мемориалдық ордермен қалпына келтірілді. Сонымен бірге аудит барысында 26.10.2023 жылғы атқарылған жұмыстарды қабылдау актісіне сәйкес 967,7 мың теңге қалпына келтірілді.

Аталған бұзушылыққа жауапты мәдениет үйінің бұрынғы есепшісі А.Жаздыкбаева мәдениет үйі директорының 04.10.2023 жылғы №123 бұйрығымен өз еркімен жұмыстан босатылса, ал есепші А.Оралбекова мәдениет үйі директорының 04.10.2023 жылғы №124 бұйрығымен декреттік демалысқа жіберілген.

22. «Сауран ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Аудит барысында анықталған бұзушылықтар бойынша 1 612566,5 мың теңге 26.10.2023 жылғы бухгалтерлік анықтамамен қалпына келтірілді.

23. «Сауран-қызмет» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Мемлекеттік аудитті жүргізу барысында еңбекақыға артық төленген 54,3 мың теңге қаржы 13.10.2023 жылғы №0002 төлем түбіртегімен 206109 коды арқылы жергілікті бюджетке өндірілді.

24. «Сауран ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Аудиторлық іс шара жүргізу барысында бастапқы құжаттарға сәйкес 26248,0 мың теңгеге бухгалтерлік жазбалар жасалып, 28.09.2023 жылғы №1 бухгалтерлік анықтамаға сәйкес №28 мемориалдық ордермен қалпына келтірілді.

Аталған бұзушылыққа жауапты әкімшілік бөлімінің басшысы-есепші С.Сопбеков аудан әкімінің 22.06.2023 жылғы №111-ж/қ өкімімен өз өтініші бойынша жұмыстан босатылған.

3.2 Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар

Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясымен аудитте қойылған мақсат пен белгіленген ауқым шегіндегі аудит мәселелері бойынша «Сауран ауданының жергілікті бюджетті тиімді жоспарлау және атқару, бюджеттік бағдарламаларды іске асыру, жергілікті бюджет қаражатын және мемлекет активтерін пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелері көрсеткендей, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптары сақталмауының салдарынан бұзушылықтар орын алғаны анықталды.

Жүргізілген мемлекеттік аудитпен 9 669 648,6 мың теңге қамтылды, оның ішінде 2021 жыл кезеңі бойынша 1 036 167,0 мың теңге, 2022 жыл кезеңі бойынша 5 436 999,0 мың теңге, 2023 жылдың 01.06.-30.06.2023жыл кезеңі бойынша 3 197 482,6 мың теңге қамтылды, оның ішінде 2 311 129,9 мың теңгені құрайтын қаржылық, тиімсіз жоспарлау, тиімсіз пайдалану бойынша бұзушылықтар анықталған, бұл қамту сомасының 23,9 % құрады.

Бұзылушылықтардың жалпы көлемінде қаржылық бұзылушылық (2 303 775,1 мың теңге) 99,7 пайыз үлес салмағын алып отыр.

Қаржылық бұзушылықтар барысында 7 мекемеде 59 339,3 мың теңге айлық жалақы негізсіз артық төленген, сауықтыруға арналған жәрдемақы және сыйақы негізсіз берілген, 140,2 мың теңге кем төленген, оның ішінде қайта тексеру бойынша «Сауран-қызмет» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 40 742,2 мың теңге айлық жалақы негізсіз артық төленген, жергілікті атқарушы органдардың резервтерінен ақша бөлу туралы шешімдерінде көзделмеген қажеттіліктерге пайдаланылған немесе қатаң нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмаған, яғни «Сауран-Су» МКК-ның алашақ жалақыларын төлеу туралы» №1 хаттамасына сәйкес, кәсіпорын жұмыскерлерінің еңбекақы бойынша ала алмай жүрген (қарыздарын) алашақтарын төлеуге жұмсалған, 1 мекемеде мемлекеттік сатып алу туралы шарттың сомасының үш пайызы мөлшерінде 1 449,3 мың теңге шарттың орындалуын қамтамасыз етілмеген, 21 мекемеде бухгалтерлік есепті жүргізу және бюджеттік, қаржылық есептілікті жасау кезінде жалпы 2 242 986,5 мың теңгені құраған.

Сауран ауданы әкімі аппараты мемлекеттік мекемесінде аудандық полиция бөліміне алынған құны 18360,0 мың теңгелік бағдарламалық-аппараттық кешен және аудандық төтенше жағдайлар бөліміне алынған аудан ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою іс-шараларына қажетті 6735,1 мың теңгеге сатып алынған негізгі құралдарды

пайдаланушы мекемелердің балансына беру бойынша іс-шаралар жүргізілмеген.

Жүйнек ауыл округі мемлекеттік мекемесінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 179 бұйрығына 1-қосымша Мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобильдермен қамтамасыз етудің заттай нормаларының және Сауран ауданы әкімдігінің 18.11.2022 жылғы «Аудан әкімі аппаратына және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарға автомобиль қызметін көрсету үшін автомобильдерді бөлу және жүру лимитін айқындау туралы» №365 қаулысының 1 тармағының талабы сақталмай, 1 бірлік бастапқы құны 626,0 мың теңгені құрайтын жүруге жарамсыз қызметтік автокөлігі лимиттен артық тіркелгендігі анықталды.

Мемлекеттік мекемелер Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №195 бұйрығымен бекітілген Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидалары және олардың мазмұнына қойылатын талаптарының 24 тармағының талаптары сақталмай, мекеменің 2021-2023 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламалары мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органмен келісу бойынша оларды қаржыландыру көлемдері және нақтылау кезінде нәтижелер көрсеткіштері өзгерген жағдайда, мәслихаттың жергілікті бюджет туралы шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәслихат шешімі бекітілген күннен кейін он жұмыс күні ішінде қайта бекітілмеген.

Сонымен қатар, тиісті қаржы жылдарының қорытындылары бойынша бюджеттік бағдарламалардың іске асыруы туралы есепті, сондай-ақ, бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру туралы есеппен бір уақытта ұсынылатын түсіндірме жазба жасалмаған.

Мекемелерде жалақы төлеу кезінде әрбір жұмыскерге жазбаша немесе электрондық нысанда ай сайын хабарлауға міндетті тиісті кезең ішінде оған тиесілі жалақының құрамдас бөліктері, жүргізілген ұстап қалулардың мөлшерлері мен негіздері туралы, оның ішінде ұстап қалынған және аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы, сондай-ақ төленуге тиісті жалпы ақша сомасы туралы мәліметтер хабарланбаған.

Мекемелерде жұмыс берушімен қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулығы бекітілмегені анықталған.

Сауран ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мәдениет үйі» КММ Құрылтайшымен «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы N413-IV Заңының 134 бабы 3 тармағы 4) тармақшасының және «Мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №1095 қаулысының 2 бөлімінің талабы сақталмай, мәдениет ұйымы мемлекеттік кәсіпорын формасында құрылмаған.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №121 бұйрығымен бекітілген облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандық, облыстық маңызы бар қалалардың, селолық деңгейлердегі мемлекеттік мәдениет ұйымдарының үлгілік штаттарының 6 бөлім 1. Параграфының талабы сақталмай, мекеменің 2023 жылғы 13 маусымдағы штаттық кестесінде аудандық мәдениет үйінде 1,0 штат бірлік сценарист және Жаңа Иқан ауылдық мәдениет үйінде 1,0 штат бірлік үйірме жетекшісінің нормадан артық екені анықталған.

Сондай-ақ аудит бухгалтерлік есепті ұйымдастырудың жеткіліксіздігін көрсетті. Осылайша аудит объектілерінің көпшілігінде бухгалтерлік есепті жүргізу бойынша заңнама талаптарын бұзу фактілері, бухгалтерлік есеп құжаттарын тиісінше рәсімдемеу анықталды.

Түркістан облысы бойынша экология департаментінің қаулыларына сәйкес, қатты тұрмыстық полигоны бойынша шаруашылық қызметінің экологиялық қауіпті түрлеріне экологиялық сақтандыру шарттарын жасамағаны үшін айыппұлға тиімсіз жұмсалған.

Бұзушылықтар мен кемшіліктердің негізгі себептерінің бірі бюджеттік қаржыларды пайдалану кезіндегі бюджет және өзге де заңнама, бухгалтерлік есептілікті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау тәртібінің талаптарының сақталмауы болып табылады.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары қатаң сақталуы тиіс.

3.3 Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар:

1. «Сауран ауданының жергілікті бюджетті тиімді жоспарлау және атқару, бюджеттік бағдарламаларды іске асыру, жергілікті бюджет қаражатын және мемлекет активтерін пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасының нәтижелері Тексеру комиссиясының отырысында қаралсын.

2. Аудиторлық қорытындыдан үзінді Сауран ауданы әкімінің аппараты мен мәслихат аппараттарына жолдансын.

3. Сауран ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Сауран-қызмет» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде қайта тексеру бойынша анықталған 40742,2 мың теңгеге өтелетін қаржылар фактілері бойынша жолданған нұсқама мерзімінде орындалмаған жағдайда 2015 жылғы 12 қарашадағы Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» №392-V Заңының 2 тарауы 5-бабының 3-1 тармағына сәйкес тиісті жұмыстар атқарылсын.

4. Қазақстан Республикасының қолданыстағы бюджеттік және басқада заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз ету және келешекте қаржылық бұзушылықтарға жол бермеулері бойынша мемлекеттік аудит объектілері басшыларына Тексеру комиссиясының Ұсынымдары мен Нұсқамалары жолдансын.

1). Сауран ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Тілдерді дамыту және оқыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысына:

1) 2024 жылдың 25 қаңтарына дейін жұмыс берушінің еңбек міндеттерін қамтитын актісі қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулығының бекітілуі қамтамасыз етілсін.

2). Сауран ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысына:

1) 2024 жылдың 30 наурызына дейін заң талаптарына сәйкес мәдениет ұйымын қайта құру жолымен жүзеге асырылатын қызмет түрлерін және ережесін сәйкестікке келтіру бойынша іс-шаралар қабылдансын.

2) 2024 жылдың 30 наурызына дейін нормадан артық аудандық мәдениет үйінде 1,0 штат бірлік сценарист және Жаңа Иқан ауылдық мәдениет үйінде 1,0 штат бірлік үйірме жетекшісін сәйкестікке келтіруді іс-шарасы қамтамасыз етілсін.

3) 2024 жылдың 25 қаңтарына дейін жұмыс берушінің еңбек міндеттерін қамтитын актісі қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулығының бекітілуі қамтамасыз етілсін.

3). Сауран ауданының Әкіміне:

1) 2024 жылдың 25 қаңтарына дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнамаларының талаптарының бұзылуына жол берген «Сауран ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2022-2023 жылдарға, яғни тиісті кезеңдерде жұмыс атқарған басшыларының тәртіптік жауапкершіліктері қаралсын.

4). «Сауран ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің басшысына:

1) 2024 жылдың 20 наурызына дейін өтелуі тиіс 15,1 мың теңге қаржыны өтеу жөнінде шаралар қабылдансын.

2) 2024 жылдың 20 наурызына дейін аудандық полиция бөліміне алынған құны 18360,0 мың теңгелік бағдарламалық-аппараттық кешен және аудандық төтенше жағдайлар бөліміне алынған аудан ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою іс-шараларына қажетті 6735,1 мың теңгеге сатып алынған негізгі құралдарды пайдаланушы мекемелердің балансына беру бойынша шаралар қабылдансын.

5). Сауран ауданы әкімдігінің «Жібек Жолы ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің басшысына:

1) 2024 жылғы 25 қаңтарына дейін мекемеде Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнамаларының талаптарының бұзылуына жол берген қызметкердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

6). Сауран ауданы әкімдігінің «Шаға ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің басшысына:

1) 2024 жылғы 25 қаңтарына дейін мекемеде Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнамаларының талаптарының бұзылуына жол берген қызметкердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

7). «Сауран ауданы әкімдігінің «Шорнақ ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің басшысына:

1) 2024 жылғы 25 қаңтарына дейін мекемеде Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнамаларының талаптарының бұзылуына жол берген қызметкердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

8). Сауран ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі мемлекеттік мекемесінің басшысына:

1) 2024 жылдың 03 маусымына дейін өтелуі тиіс 161,7 мың теңге қаржыны өтеу жөнінде шаралар қабылдансын.

2) 2024 жылдың 25 қаңтарына дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнамаларының талаптарының бұзылуына жол берген Сауран ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Тілдерді дамыту және оқыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

9). Сауран ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Тілдерді дамыту және оқыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысына:

1) 2024 жылдың 03 маусымына дейін өтелуі тиіс 645,0 мың теңге қаржыны өтеу жөнінде шаралар қабылдансын.

10). Сауран ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мәдениет үйі» КММ басшысына:

1) 2024 жылдың 03 маусымына дейін өтелуі тиіс 4 469,0 мың теңге қаржыны өтеу жөнінде шаралар қабылдансын.

2) 2024 жылдың 20 наурызына дейін қалпына келтірілуі тиіс 5 281,2 мың теңге қаржыны қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдансын.

3) 2024 жылдың 20 наурызына дейін кем төленген 642,5 мың теңге қаржы сәйкестікке келтірілсін.

11). Сауран ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі мемлекеттік мекемесінің басшысына:

1) 2024 жылғы 25 қаңтарына дейін мекемеде Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнамаларының талаптарының бұзылуына жол берген қызметкердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

2) 2024 жылдың 03 маусымына дейін өтелуі тиіс 1 449,3 мың теңге қаржыны өтеу жөнінде шаралар қабылдансын.

3) 2024 жылдың 03 маусымына дейін қалпына келтірілуі тиіс 10 173,5 мың теңге орындалмаған жұмыс көлемдері бойынша қаржыны қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдансын.

4) 2024 жылғы 25 қаңтарына дейін мекемеде Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнамаларының талаптарының бұзылуына жол берген Сауран ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Сауран-Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны басшысының тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

5) 2024 жылғы 25 қаңтарына дейін мекемеде Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнамаларының талаптарының бұзылуына жол берген Сауран ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Сауран-қызмет» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысының тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

12). Сауран ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Сауран-қызмет» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысына:

1) 2024 жылғы 25 қаңтарына дейін мекемеде Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнамаларының талаптарының бұзылуына жол берген қызметкердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

2) 2024 жылдың 03 маусымына дейін өтелуі тиіс 40 742,2 мың теңге қаржыны өтеу жөнінде шаралар қабылдансын.

13). Сауран ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Сауран-Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны басшысына:

1) 2024 жылғы 25 қаңтарына дейін мекемеде Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнамаларының талаптарының бұзылуына жол берген қызметкердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

2) 2024 жылдың 03 маусымына дейін өтелуі тиіс 13 188,1 мың теңге қаржыны өтеу жөнінде шаралар қабылдансын.

14). Сауран ауданы әкімдігінің «Жүйнек ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің басшысына:

1) 2024 жылдың 20 наурызына дейін бастапқы құны 626,0 мың теңгені құрайтын лимиттен артық тіркелген қызметтік автокөлікті сәйкестікке келтіру бойынша шаралар қабылдансын.

3.4 Қосымша: Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.